

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Бөбек" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1005 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Бөбек" республикалық оқу-сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Бөбек" ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 мамырдағы N 533 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 14, 146 - қ ұ ж а т) :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) ғылыми зерттеулер, ғылыми-педагогикалық мамандар мен кадрлар даярлау."; 3) < * >

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі